

Қазақ орфографиясы коммуникативтік кеңістікте: орфографиядағы варианттар

Айман Алдаш

филология ғылымдарының
докторы, профессор
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері,
Алматы, Қазақстан
e-mail: aimank51@mail.ru

Аннотация. XXI ғасырдың басы қазақ тіл білімінің дамуы, қоғамдық сананы модернизациялау саясатымен тығыз байланысты теориялық және тәжірибелік мәселелерді зерттеу және жаңаша қарау үшін маңызды болды. Осы тұрғыда, қазақ тіл білімінің басты міндеттерінің бірі - ұлттық кодтың ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа ортологиялық зерттеулер негізінде қазақ тілінің жаңа орфографиялық ережелерін құру.

Өздеріңіз білесіздер, орфографиялық ережелер саналы нормативті әрекеттерді біртіндеп жүзеге асырудың нәтижесінде жасалады. Осыдан жарты ғасыр бұрын бекітілген қазақ тілінің орфографиялық ережелері әдеби және орфографиялық нормаларда жоғары кодификацияланған.

Соңғы жылдары жазбаша байланыс кеңістігінде «Орфографиялық демократияландыру» деп аталатындар көбейді, негізінен экстралингвистикалық факторлар, мысалы, ауызекі тілдің жазбаша түрде бекітілуі, ескірген және диалектикалық лексиканың әртүрлі нұсқаларын қазақ тілінің өміршеңдігін сақтау үшін қолдану, қоғамның түрлі мүшелерінің жазбаша қарым-қатынасқа кең қатысуы, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде ескерусіз қалу сияқты факторлардан туындаған емле нормалары және т.б. Осылайша, жаңа емле нұсқалары мен ережелері пайда болады. Мақалада қазақ емле стандарттарының жаңартылған нұсқалары қарастырылған, жазбаша байланыс кеңістігінде жазылған орфографиялық инновациялар аясында жазудың әртүрлі нұсқалары талданады.

Кілт сөздер: орфография, коммуникативті кеңістік, орфография нұсқасы, орфография нормалары, бірге жазылған сөздер, морфема, дауысты және дауыссыз дыбыстар, латын негізіндегі әліпби.

Kazakh language in the communicative space: spelling options

Aiman Aldash

Doctor of philological sciences,
Professor, Chief Researcher
Institute of Linguistics
named after A. Baitursynov,
Almaty, Kazakhstan
e-mail: aimank51@mail.ru

Abstract. The beginning of the XXI century turned out to be important for the development of Kazakh linguistics, the study and new consideration of some theoretical and practical problems that are closely related to the policy of modernizing public consciousness. In this context, one of the primary tasks of Kazakh linguistics is the creation of new spelling rules of the Kazakh language based on new orthological studies, taking into account the peculiarities of the national code.

As you know, spelling rules are created as a result of gradually carried out conscious normative activities. Approved about half a century ago, the spelling rules of the Kazakh language are highly codified in literary and spelling norms.

In recent years, in the written communicative space there has been an increase in the so-called “Spelling democratization”, caused mainly by extralinguistic factors such as the fixation of spoken language in writing, the desire to use various variants of outdated and dialectic vocabulary in order to preserve the vitality of the Kazakh language, the wide participation in written communication of various members of society, and also to some extent neglect of established spelling norms, etc. Thus, new spelling variations and rules appear. The article explores updated versions of Kazakh spelling standards, analyzes various options for writing in the framework of spelling innovations recorded in the written communication space.

Keywords: spelling, communicative space, spelling variant, spelling norms, words that are written together, morpheme, vowels and consonants, Latin based alphabet.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-2-24>

Казахский язык в коммуникативном пространстве: орфографические варианты

Айман Алдаш

доктор филологических наук, профессор,
главный научный сотрудник
Института языкознания
имени А.Байтурсынова,
Алматы, Казахстан
e-mail: aimank51@mail.ru

Аннотация. Начало XXI в. оказалось важным для развития казахской лингвистики, изучения и рассмотрения по-новому некоторых теоретических и практических проблем, которые тесно связаны с политикой модернизации общественного сознания. В данном контексте одним из первоочередных задач казахского языкознания является создание новых орфографических правил казахского языка на основе новых ортологических исследований, с учетом особенностей национального кода.

Как известно, правила орфографии создаются в результате постепенно проводимой сознательной нормативной деятельности. Утвержденные около полувека назад орфографические правила казахского языка отличаются высокой кодифицированностью литературных и орфографических норм.

В последние годы в письменном коммуникативном пространстве наблюдаются усиление т.н. «орфографической демократизации», обусловленная в основном экстралингвистическими факторами таким, как фиксация устной речи на письме, стремление использовать различные варианты устаревшей и диалектной лексики в целях сохранения витальности казахского языка, широкое участие в письменной коммуникации разных членов общества, а также в некоторой степени пренебрежение устоявшимися орфографическими нормами и др. Таким образом, появляются новые орфографические варианты и правила.

В статье исследуются обновленные варианты казахской норм орфографии, анализируются различные варианты письменной речи в рамках орфографических инноваций, зарегистрированных в письменном коммуникативном пространстве.

Ключевые слова: орфография, коммуникативное пространство, орфографический вариант, орфографические нормы, слова, которые пишутся слитно, морфема, гласные и согласные звуки, алфавит на латинской основе.

Кіріспе сөз

Жаңа дәуірдегі қазақ тілін жаңғырту мен реформалауға қатысты өзекті проблемалардың аясында ағымдағы тілдің қолданысына зер сала қарағанда, назар аудартатын маңызды мәселелердің бірі – қазақ тілі орфографиясының қазіргі көрінісі, жай-күйі.

Өткен ғасырдың орта тұсынан бастап қазақ мәдениетінде әліпбиді реттеу, емле ережелерін қалыптандыру жолында саналуан іс-шаралар атқарылды. Қазірге дейін қазақ тілінің жазу-сызудағы сауаттылық деңгейі жоғары екендігі анық десек, бұл жайтқа алдыңғы кезеңдердегі сан түрлі зерттеулер мен зерделеулердің зор үлесі болғанын атап өтеміз. Әсіресе қазақ орфографиясының тіл заңдылықтары сақтала отырып түзілуінде, әдеби нормалардың бірізділенуінде академик Р. Сыздықтың ғылыми-практикалық еңбектері айрықша рөл атқарды [1].

Осы кезеңдегі жазба нұсқаларда орфографиялық заңдылықтар сақталды деуге болады, өйткені 1970-1988 жылдар арасында жасалған бірегей емле ережелері, ортологиялық құралдар орфографиялық «абсолюттілікті» қатаң қадағаламағанымен, жазба нұсқаларда нормалардан ауытқулардың болмауына, бірыңғай орфографиялық стандарттың орнығуына негізгі тірек болды.

Сөз болып отырған кезеңге байланысты қысқаша тоқталып өтетін екі мәселе бар: біріншіден, жазба нұсқаларда, әсіресе мерзімді баспасөзде жергілікті тіл ерекшеліктері тілді байытудың, лексикалық құрамды жетілдірудің, жаңа ұғымдарды берудің негізгі көзі ретінде қолданысқа түсе алмады. Көркем әдебиеттің тақырыптық-жанрлық ерекшеліктеріне қарай игерілген бірді-екілі диалектизмдер мен кәсіби лексика «нормадан жөнді ауытқу // жөнсіз ауытқу» сүзгісінен деркезінде өтіп отырды.

Екіншіден, осы себептерге байланысты және қоғамдық-саяси факторлардың пәрменді ықпалымен қазақ тілінің жазбаша және ауызша түрі қатаң, стандартталған, таптаурын үлгіге айналды. Өзге тілдің конструкцияларын сөзбе-сөз аудару арқылы жасалғандар тілдің бірсыдырғы, бірсарынды түрдегі қалпын қалыптастырды.

Өткен ғасырдың 90-ыншы жылдарына қарай қазақ тіліне деген саяси, әлеуметтік-мәдени көзқарас қарқынды өзгере бастады. Сонымен қатар қазақ тілінің жазбаша және ауызша коммуникациядағы үлесі ұлғая түсті. Қазақ тіліндегі баспа өнімдері, мерзімді баспасөз, ғылыми, көркем, оқу-ағарту әдебиеті саны жағынан анағұрлым көбейді, әдеби тілдің ауызша түрі, шаршысөз үлгілері пайда болды. Осындай факторлар және қазақ тілінің өміршеңдігін сақтауға бағытталған, ұлттық санаға қозғау салған басқа да көптеген саяси-мәдени іс-шаралардың атқарылуы нәтижесінде қазақ тілі қолданылатын ауызша және жазбаша салаларда тілдің бар байлығын емін-еркін меңгеру үрдісі пайда болды; бұл жайт қазақ әдеби тілінің нормаларына босандық туғызды: бұрыннан императив норма түріндегі тілдік бірліктердің емін-еркіндікке түскен орфографиялық варианттары көрініс бере бастады.

Талдауға негіз болған материалдар және әдістер

Орфографиялық варианттар жекелеген дыбыстардың, қосымшалардың, біріккен және бөлек жазылатын сөздердің, қос сөздердің, бас әріптің жазылуында жиі кездеседі. Көркем әдеби шығармалар, мерзімді баспасөз орфографиялық варианттардан мол мәлімет бере алады.

Әлемдік ғылымда «газет жанрларының айрықша стилистикасы», «қазіргі газеттердің тілі – айрықша функционал» деген термин қолданыла бастады. Бұлайша бағалануын анықтайтын бірнеше факторлар бар.

Мәселен, мерзімді басылымдардың қатарындағы беделді нұсқалардың бірі. «Қазақ әдебиеті» газетінің төмендегідей ерекшеліктері бар: а) тұрақты мерзімділікке ие басылым; ә) кең таралған басылым; б) жанр жағынан алуан түрлі: газет жанрының негізгі классикалық түрлері – ақпараттық, аналитикалық және көркем-публицистикалық жанрлар; ал қазіргі

кезде мерзімді баспасөздің функцияларының ауқымды бола бастағанына байланысты осы негізгі жанрлар ресми ақпарат, жедел жаңалық-ақпарат, көркем очерк, публицистикалық очерк, зерттеу-жаңалықтар, сұхбат-әңгімелесу, сатиралық туынды болып таратылатыны қалыптасқан; в) «Қазақ әдебиеті» газетінде аталған жанр түрлерінің барлығы да кездеседі және көркем туындылар жарияланады; г) жанрлардың алуан түрлі болуына байланысты басылымда қоғамдық-саяси лексика, ғылыми және кәсіби аталымдар, қарапайым лексика, жергілікті тіл ерекшеліктері, экспрессивті-эмоционалды лексика, стилдік фигуралар, интонациялық құралдар кеңінен қолданылады; ғ) «Қазақ әдебиеті» газетінің авторлары – негізінен жоғары білімді, қазақ тілін жетік меңгерген, әдеби тіл нормаларын білетін қалың қауым, сондай-ақ автор немесе пікір білдіруші ретінде тіл қорында айырым белгілері бар қандастар да қатысады.

Баяндалған ерекшеліктер арқылы «Қазақ әдебиеті» мерзімді басылымындағы емле көріністерінен көбірек фактілер келтіреміз және бұл сын айту мақсатында емес, керісінше, осы мерзімді басылымның қазақ жазуындағы, жалпы коммуникативтік кеңістіктегі қазіргі белгілерді танытуы жағынан маңызды, құнды дереккөз екендігі жөнінде қорытынды жасалатындығына назар аудартамыз.

Сөз болатын проблемаларды ғылыми тұрғыдан тиянақтау мақсатында қазақ тіл білімінің іргетасын қалаушылардың (А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Басымұлы), фонетика және фонология, морфология және лексикология саласы бойынша зерттеушілердің (М. Балақаев, А. Ысқақов, К. Аханов, Ы. Маманов, Ж. Аралбаев, Ә. Жүнісбек, З. Базарбаева), орфография теориясының белгілі мамандарының (Р. Сыздық, Н. Уәли), сондай-ақ әлемдік лингвистикадағы осы мәселені қарастырған танымал ғалымдардың (Ю. Степанов, Л. Зиндер, Ю. Караулов) көзқарастары талданды және оларға сүйеніш жасалды.

Проблеманы нақтылай түсу мақсатында орфография теориясына қатысы бар мәселелерді жалпы түрде және шолу түрінде теориялық-лингвистикалық талдау, лингвистикалық интерпретация әдісі, жазба нұсқалардан іріктеу әдісі қолданылды.

Талдау және нәтижелер

Алдымен «коммуникативтік кеңістік» ұғымын қысқаша түрде анықтай түсудің қажеттілігі байқалып отыр. Өйткені бұл аталым және осы аталым қамтитын категориалды құбылыстар гуманитарлық ғылымдардың бірқатарында (әлеуметтануда, психологияда, философияда, мәдениеттануда) қарастырылып келді. Зерттеушілер коммуникативтік кеңістік туралы түсінік лингвистика ғылымының аспектісіне кейінірек енгізілді деп санайды [2, 3 б.]. Сонымен қатар сөз болып отырған терминнің анықтамасы да әртүрлі: мәселен, белгілі бір шағын аудитория мен аудитория алдында сөз сөйлейтін адамның (дәріс, баяндама) арасындағы қарым-қатынасты білдіреді деген тұжырымдар да бар.

Әлеуметтану, психология, философия, мәдениеттану, лингвопрагматика, коммуникативті лингвистика салаларындағы біршама көзқарастарды зерделей келе, коммуникативтік кеңістік vs. әлеуметтік-мәдени кеңістік – белгілі бір даму кезеңіндегі қоғамның мәдени-тілдік сипаттары мен ерекшеліктері ескеріле отырып, сөйлеуші (жазарман) мен тыңдаушы (оқырман) арасындағы қарым-қатынаста пайда болатын кеңістік деген қарапайым қорытынды жасауға болады. Нақтырақ айтқанда, коммуникативтік кеңістік vs. әлеуметтік-мәдени кеңістікте қоғам мүшелерінің мәдени және білім, саналылық және таным деңгейлері, реалды шындыққа көзқарасы бейнеленеді. Осы факторларды жазба нұсқалар, мәтіндер арқылы тануға болады, өйткені мәтін – коммуникативтік қарым-қатынас кезіндегі социум өкілінің әлеуметтік-мәдени деңгейі мен білім өрісінің, мәтінді құрастыру кезіндегі интенциясының және осылардың вербалдануының негізгі көрінісі.

Демек, коммуникативтік кеңістіктің негізгі құралы – тіл және қазіргі қоғам үшін коммуникативтік кеңістік vs. әлеуметтік-мәдени кеңістіктің пәрменді арналарының бірі – жазба нұсқалар.

Вариант, варианттылық (*ағыл. variation, variety*) деп аталатын термин анықтайтын түсінік тіл ғылымында жан-жақты зерттелген. Варианттылық – барлық тілдерде де болатын, тілдің дамуына, тілдің нормалық қалыптарының реттелуіне әсер ететін, тұтастай алғанда, тіл жүйесінде бар күрделі құбылыс. Варианттылық, тілдік варианттылық – өзгеріс, бір нәрсенің әр түрі) – тілдегі жарыса қолданылатын лексико-семантикалық сөздер тобының айрықша түрі [3]. Қазақ тіліндегі варианттар нормативті сөздікке арнаулы белгімен (ж.) тіркеледі; бұл белгі вариант қатарларың қай-қайсысы да – әдеби норма, жазба нұсқаларда және әдеби тілдің ауызша түрінде қолданылу жиілігі қарайлас дегенді білдіреді. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде 1988 жылдан бастап *айғай ж. айқай; балуан ж. палуан; бұнша ж. мұнша; бәле ж. пәле; ештеме ж. ештеңе* тәрізді варианттар беріліп келеді.

Емле ережелері бірте-бірте, саналы түрде нормалаушы қызметтің нәтижесінде жасалады. Орфографияның ғылыми-қолданбалы мақсатының басты көздейтіні – жазудың қарапайым және стандартты болуы. Жазу пайда болған тілде емле ережелерінің принциптері де қалыптаса бастайды, ереже ұстанымдары ұзақ мерзім бойында әрдайым жетілдіріле береді, тілдің өз заңдылықтары мен графика арқылы берілетін мүмкіндіктер арасындағы параллелдер іріктеледі. Емле табиғатына осылайша келу қағидалар мен нормативті сөздіктерде көрініс табады. Бұл жайттың айқын үлгісі ретінде 1983 жылы бекітілген Емле ережелері мен 1988 жылы жарияланған Орфографиялық сөздікті атауға болады [4].

Соңғы ширек ғасыр көлемінде Орфографиялық сөздіктің бірнеше басылымы жарыққа шықты [5]. Кейінгі басылымдардың оң ерекшелігі – лұғат тізбесінің барынша толықтырылғандығы және қазақ сөзінің орфографиялануының реттеле түсуі.

Шын мәнінде Емле сөздігінің жаңа нұсқасын әзірлеу барысында қазақ сөзінің орфографиялануы әрдайым реттеле беруі керек. Бұл әсіресе ойды, ақпаратты жеткізудегі оралымы бай, қазынасы мол қазақ тілі тәрізді тілдің емлесі үшін маңызды. Сонымен қатар соңғы кезеңде қазақ тіліндегі жазба нұсқалар түрі, типі, жанры жағынан аса молайды; ең бастысы жазба нұсқалардың жазармандары (авторлары) әлеуметтік-мәдени (білімі, жас мөлшері, тұрғылықты аймағы, қандастар-репатрианттар), тілді игеру деңгейлері жағынан әр алуан.

«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» анықталған мәселелердің бірі – қоғам мүшелерінің қазақ тілін игеру деңгейінің топтарға ажыратылуы. Бұл мәселе төмендегіше баяндалған: «Тілді игеру деңгейіне қарай шартты түрде тіл қолданушылары 3 топқа бөлінеді – элитарлық (тілді барлық стильдерде ауызша және жазбаша нысанда жоғары деңгейде қолданатын тұлға), орта (ауызекі стиль мен бір немесе бірнеше кітап стилін меңгерген тұлға) және қарапайым (тілді ауызекі стильде ғана қолданатын тұлға). Қазақстанда қазақ тілінде сөйлейтіндердің 30 %-ы қарапайым, 61-62 %-ы – орта, ал 8-9 %-ы – элитарлық тілдік тұлғалар екені анықталды» [6].

Осы фактілерге қарағанда, аталған үш топтың да жазба нұсқаларға пікір айту (жазу) жағынан араласатыны анық.

Қазіргі жазба нұсқаларда орфографиялық варианттардың, ережелердің кодификацияланған ұсыныстары мен жазу практикасы арасындағы айырмашылықтардың пайда болуының негізгі себептерінің бірі осы; сонымен қатар а) жазба нұсқалар, әсіресе баспасөз оқырмандарының назарын өзіне тарту үшін белсенді лингвокретивтік қызметке ұмтылады; ә) жазарман өзін лингвистикалық тұрғыдан білімді деп санайды немесе лингвистикалық біліміне сенімді емес; б) жазарман танымды, қазірге дейін қалыптасқан білімді шарттылық, идеялар мен қағидаларда абсолютті стандарт болмайды деп қарап, өзін жеке тұлға ретінде жоғары қояды; бұл философия ғылымында релятивизм деп аталады. Ең соңында жазарманның емле ережелеріне, тыныс белгілеріне немқұрайды қарауын атауға болады. Осы аталғандарға байланысты жазуды емін-еркіндік пайда болады.

Қазіргі қазақ жазуында осындай емін-еркіндіктің бірқатар белгілері бар және осы

себептерге байланысты орфографиялық варианттар қалыптасқан.

Орфографиялық варианттар – емлесі норма ретінде бекітілген, нормативті сөздікте көрсетілген, императив норма қатарындағы сөздердің жазба нұсқаларда әр алуан өзгеруін айқындайтын аталым.

Бөлек және бірге жазылатын сөздер

Қазақ тілінің әліпбиі мен емлесі талқыға түскен кезден бастап бөлек және бірге жазылатын сөздер ғалымдардың ұдайы назарында болды. А. Байтұрсынұлы бұл мәселеге жеке тоқталмағанымен, тіл заңдылықтарын талдауда күрделі сөздер емлесінің үлгілерін көрсетеді [7]. Профессор Қ. Жұбановтың еңбектерінде біріккен сөздердің ғылыми-лингвистикалық концепциясы түзілген [8, 249 б.]. Өткен ғасырдың 60-70-інші жылдарында, алғашқы емле ережелері бекітіліп, қазақ тіліндегі жазба нұсқалардың түрлері көбейе түскен кезде, М. Балақаев, Ы. Маманов, К. Аханов, Ғ. Қалиев, Қ. Есенов өз еңбектерінде күрделі сөздердің бөлек немесе бірге жазылуын анықтаудың, дәйектеудің қазақ емлесі үшін аса маңызды екеніне назар аудартты [9-13].

Ғалым А. Ысқақовтың 70-інші жылдардың орта тұсында жарияланған еңбегінде сөздердің бірге жазылуының бір себебі ретінде лексикалану термині аталады [14, 99 б.]. Жалпы алғанда, біртұтас мағынаны білдіретін тіркестердің бірге жазылуына басты негіз болып келе жатқан ғылыми тұжырымның бірі осы – лексикалану, лексикаланған тіркестер.

Академик Р. Сыздықтың еңбегінде біріккен сөздердің барлық түрлері топтастырылған [1].

Ең алдымен айтарымыз – күрделі тіркестердің бірігу процестеріне ықпал жасайтын лексикалық-семантикалық факторларды (лексикалану, делексикалану, идиомалану) талдау және себептерін анықтау жеке зерделеуді қажет етеді. Ал қазіргі коммуникативтік кеңістікте ресми-іскери мәтіндерде, оқу-ағарту және ғылыми әдебиетте, сондай-ақ баспасөз тілінде анықтауыштық-анықталушы тұрғыдан синтаксистік байланысқан және денотаттық-коннотаттық қарым-қатынастағы күрделі тіркестерді біріктіріп таңбалау үрдісі басым. Осындай үрдістің нәтижесінде күрделі сөздердің орфографиялық варианттары – бөлек жазылатыны, бірге жазылатыны, яки дефис арқылы таңбаланатыны – жиі кездеседі. Орфографиялық варианттардың пайда болуына ғылыми негіздемелерден гөрі басқа да бұлайша болуына себепкер болып келе жатқан бірнеше түрткіжайттар бар. Осындай проблемалардың белгілерін сипаттау және олардың қалыптасуына, бірізділенуіне қатысты жүйелеу қазақ тілінің қазіргі тағдырлы кезеңінде – латыннегізді әліпбиге көшу жағдайында өзекті болып табылады.

Күрделі сөздердің бірігуі – тіл динамикасында ұдайы жүріп отыратын тоқтаусыз процестердің бірі. Егер қазақ тілінің сөздік құрамы жаңа қоғамдық және еңбек қарым-қатынастарына, ішкі-сыртқы байланыстардың күрделенуі мен кеңейтуіне қарай жаңа сөздермен толығып отырады десек, тілге жаңалықтардың басым денінің күрделі сөздердің бірігуі арқылы жасалғанын байқаймыз.

Тіл динамикасында үздіксіз жүретін үдерістердің бірі ретінде ғұлама А. Байтұрсынұлының еңбектеріндегі тілдік фактілердің қазіргіше орфографиялануын салыстыруға болады. «Тіл-құралда» біріккен сөздер жеке-дара талданбағанымен, ғалым *ортеке мен басқұр* дегендерден басқа *қайын ата, қайын ене, қайын аға, кез құйрық (құс), қырық буын (өс.), соқыр теке, көл-бақа, тас-бақа, жел-бау, киік-оты, балтам-тап, ақ-сүйек* тәрізді атауларды осылайша, бөлек және дефис арқылы жазған. (*материалдар А. Байтұрсынұлының алғаш рет кирилшиеге көшірілген еңбектерінен алынды, оларда ғалымның негізгі текстологиясы мен орфограммасы сақталған*) [7, 43-45 б.]. Кейінгі коммуникативтік кеңістікте көрсетілгендердің орфограммасы бірізділенді және олардың бірге жазылуы бірте-бірте қатаң норма ретінде орнықты. Ал бұлайша, күрделі тіркестердің бірте-бірте біріктіріле таңбалануының себебі неде?

Күрделі сөздердің орфограммасы туралы пікір айтқан көрнекті ғалымдардың

көзқарастарында «байқалмай» келе жатқан бірнеше негіздемелер бар. Негіздемелер тілдің ішкі заңдылықтарынан гөрі орфографиялануға әсер ететін сыртқы түрткіжайттарды қамтиды. Солардың бірі ретінде күрделі сөздердің құрамындағы компоненттердің арақатынасына әсер ететін сыртқы түрткіжайттарды атауға болады. Мәселен, профессор Қ. Жұбанов біріккен сөздердің анықтамасын түйіндей келе «Бірнеше сөз қосылып, бір ғана *екпінге* – ең соңғысының *екпініне* бағынып, ...сондықтан бәрі жиналып, бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ мағына беретін, сөйлемде бір-ақ мүше болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін» сөз деп қорытады [8, 249 б.]. Осы пікірді ғалым А. Ысқақов жалғастырады: «... сөздің құрамындағы дыбыстардың бастарын құрап ұйымдастыратын дәнекер – екпін болады. Осы екпін біріккен сөзді жай сөз тіркесінен әрі ерекшелендіретін, әрі ажырататын негізгі белгінің бірі» [14, 111 б.]. Ал екпін адамның когнициясында сөздің гармониялық тербелісінен пайда болады; сөйлеушінің (жазарманның) ауызша айтуында және өз ойын хатқа түсіру кезінде қас-қағым сәтте дыбысталатын (жазылатын) сөздің өзара үндесу, өзара ұласу үдерісі жүреді. «Жалпы, жазу дегеніміз – «дыбысталатын сөйлеудің тіркелуі үшін пайдаланылатын таңбалар жүйесі; бұл жүйе – акустикалық сигналды оптикалық сигналға айналдыратын күрделі код» [15, 3 б.]. Осы себепті жазу практикасында өзара кіріккен, екпін соңғы буынға түсетіндіктен өзара ұласқан біріккен сөздер пайда болады, сөздерді біріктіру үдерісі жүреді.

Екпін мәселесіне қатысты анықтай түсетін проблемалар бар. Біріншіден, кейінгі кезеңдердегі зерттеулерде қазақ тіліндегі екпін жөніндегі көзқарастар әрқилы. Фонетика мен фонология салаларының белгілі зерттеушілері аспаптық құралдар арқылы терең талдаулар жүргізді. Соның нәтижесінде «поэтому говорить о словесном ударении в казахском языке, как самостоятельно существующем явлении, преждевременно» [15] деген тұжырым жасалды. Қысқаша түрде, ғылыми пікірлерді топтастырып айтқанда, әсіресе күрделі тіркестерде *фразалық екпін*, *соңғы буындағы ритмикалық екпін*, *тегеурінді екпін*, *әуездік екпін*, *қарқындылық*, *тон* деген аталымдар бар. Осы мәселелердің түйінделуі бастау алған және кейінірек толық тұжырымдалған бірнеше пікірге назар аудартамыз, оның біріншісі – кезінде Қ. Жұбановтың өзі «*дауыс сазы*», «*сөздің әні*» деген терминдер қолданған [8, 201 б.].

Фонетика мен фонология салаларының ірі зерттеушілері Ә. Жүнісбек пен З. Базарбаева екпін жайын терең қарастыра келіп, қазақ тілінде сөз екпіні жоқ деген пікірді ұстанады, сөйтіп, *қарқындылық*, *негізгі тонның қозғалысы*, *ритмикалық екпін*, *сөз әуезі*, *сөз үйлесімі*, *әуезқұрауыш* [16, 71 б.] *фразалық*, *ритмикалық-синтагматикалық екпін* [17, 34 б.] деген табиғи заңдылықтардың бар екендігін анықтады. Демек, «екпін» деген термин түпкі мағынасында қазақ тіліне тән емес, алайда қазақ сөзі мәтінге түскенде, қалай болғанда да, ритмикалық ырғақпен, ритмикалық ұласыммен таңбаланады. Бұған байланысты Л. Зиндердің акустикалық сигналдың оптикалық кодқа ауысуы туралы пікірін қайырадан еске саламыз. Сөйтіп, сөздердің бірігуіне ритмикалық екпіннің, қазақ сөзінің тіркесе келе бір әуезбен, бір ырғақпен айтылуының елеулі рөлі бар деген болжам-қорытынды жасауға болады.

Күрделі сөздердің құрамындағы компоненттердің арақатынасы туралы айтқанда, форма мен мазмұнның өзара байланысына да тоқталуға тура келеді. Ғалымдардың еңбектерінде сөздің бірігуіне форма әсер ететіндігі аталып өтіледі. «Бастапқы жай сөз тіркесінің құрамындағы компоненттер дыбыстық жағынан әрі апшып, әрі бір-бірімен үндесіп ықшамдалады да, олар өзара жинақталып (синтезделіп) жаңа форма құрайды, ол жаңа форма (сөз) жаңа мазмұнға ие болады», – деп көрсетеді А. Ысқақов [14, 111 б.].

Философия ғылымының түсінігі болып саналатын форма туралы аз-кем тоқталалық. Форма – мазмұнның бір ретке келтірілуі; мазмұнның ішкі байланысы мен тәртібі. Форма – тұтастықтың сыртқы көрінісі.

«Форма мен мазмұнның арасында сәйкестік болмаған жағдайда мәселе ескі

форманы «лақтырып тастау» және жаңа форманың пайда болуы арқылы шешіледі. Жаңа форма дамытылған мазмұнға адекватты болады. ... Форма мен мазмұнның даму үдерісінде жаңа мазмұнға сәйкес келмейтін форма бірте-бірте ығыстырылады, сөйтіп, ескі форма жойылады» [18]. Философиялық тұрғыдан нақ тұжырымдалған жайтқа лингвист ғалымдар да назар аудартады: белгілі ғалым Н. Уәли күрделі таңбалық құрылымдарды босаралықпен / босаралықсыз таңбалауды форма мен мазмұнның бірлігі тұрғысынан қарауға тура келеді» деген қорытынды ұсынады [19, 90 б.].

Орфографиялық сөздікте норма ретінде тіркелген және баяндалғандарға дәлел бола алатын фактілерге назар аударалық: *бет: беташар, беталыс, бетбұрыс, бетперде, бетмоншақ, бетесеп, бетбасы (заставка полигр.), беттопырақ, беторамал; жан: жандалбаса, жаналқым, жанайқай, жандәрмен, жанкешті, жанкүйер, жанқалта, жансарай, жанқияр, жанбағыс; ой: ойтұрткі, ойтамызық; тас: тасбауыр, тасжаңғақ, тасжол, тасжүрек, таскесер, таскөмір, тасқорым, тасқұлақ, тасошақ* тәрізді тілдік фактілерде ритмикалық екпіннің де әсері бар; әсіресе алдыңғы компоненті дыбыстық құрамы жағынан тым ықшам болғандықтан гармониялық үндесім басым түсіп, бірінші сыңардың мазмұнын «айқара» алып кететін, бір форма жасалады. Нақты айтқанда, осындай нормалардың қалыптасуында: а) акустикалық сигналдың ритмикалық екпінге ұласып, оптикалық сигнал арқылы жазу шарттылығына айналуы; ә) форма мен мазмұнның арақатынасында форманың басымдық танытуы; б) тілдің үнемдеу заңдылығы тәрізді факторлардың ықпалы бар.

Қазіргі қазақ тілінің коммуникативтік кеңістіктегі қолданысында сөз біріктіру тәсілінің басымырақ байқалуының бір себебі қазақша терминдік аталымдардың түзілуіне байланысты. Термин түзудің нормаларының (термин жасау терминологтар мен тілші ғалымдардың бақылауында болуға тиіс) қатарында өзге де маңызды талаптармен қатар ықшамдылық / қысқалық аталатыны белгілі. Бұл талапты жүзеге асырудың бір амалы – күрделі сөздердің мағынасынан жинақталған аталымды біріктіру. Қазіргі кезде қазақ терминжасамаының бір жолы аударма тәсілі болып табылады; осы амал арқылы терминнің дефинициясын дәл беру мақсатында калька әдісі пайдаланылып, өзге тілдегі терминнің сыртқы тұрпаты да сақталады. Осының нәтижесінде *көпұлтты, көпнекелік, көптектілік, көпорталықтық, қосотаншылдық, жалпы мемлекеттілік, қосмәнді, қосаймақтық, қосазаматтылық, қосақиқат, қосұдайылық, қостерістеу, ұналғы, ұнтаспа, ұнжазба, ұнжария, бірнекелілік, бірімәнді, екімәнді, екіұдайылық, екіқұрамды* тәрізді орфограммалар қалыптасты. Жалпы алғанда, тұтастыру, ықшамдау, ықшам номинация жасау жазу практикасында спонтанды түрде жүзеге асады деуге де болады, сонымен қатар ресми мәтіндер, баспасөз стилінің өзіндік ерекшеліктері үшін үнемдеу заңдылығы маңызды орын алады.

Сонымен, біз өз тарапымыздан қазақ тіліндегі сөз біріктіру құбылысының басым қолданысына ықпал жасайтын сыртқы түрткі жайттардың бірқатарын атап өттік. Ритмикалық екпін, ритмикалық ырғақ, қазақ сөзінің тіркесе келе бірыңғай әуезбен айтылуы, форма мен мазмұнның арақатынасында сөздің хатқа түсерінде форманың және мәдениетаралық коммуникацияның рөлі, үнемдеу заңдылықтары туралы қысқаша шолу жасалды. Сөз біріктірудің ғылыми тұжырымдары да бар [20]. Демек, коммуникативтік кеңістікте бірге / бөлек жазылатын күрделі тіркестердің негіздері айқын деуге болады. Дей тұрсақ та қазіргі коммуникативтік кеңістікте орфографиялық варианттылық құрайтын тілдік қаттаудың бір легі нақ осы бөлек / бірге жазылатын күрделі тіркестерге қатысты.

Бөлек және бірге, сондай-ақ дефис арқылы жазылып келе жатқан күрделі сөздердің түпнұсқасы, бастапқы формасы, әрине, екі (үш) сөздің мағыналық үйлесім арқылы бөлек таңбаланған тіркестер. Мәселен, *бір де бір; кем де кем; ас та төк; ара жігі; ара қашықтық; ата мекен; ата қоныс; аяқ астынан; көзі қарақты; туа бітті; жүре бітті; жан дүниесі; бет әлпеті; аты шулы; жат жұрттық; екі арада; жазға салым; күні бұрын; күн ілгері;*

күніұзаққа; асыл тұқым; бетке шығар; бетке ұстар типтестердің алғашқы формасы сөз тіркесі екендігі дау тудырмайды. Көрсетілгендердің бір тобының Емле сөздіктеріндегі тұлғаларында бірге немесе дефис арқылы таңбалануы басым: *бірде-бір; кемде-кем; аста-төк; арақашықтық; атамекен; атақоныс; аяқастынан; туабітті; жүребітті; көзіқарақты; атышулы; екіарада; жазғасалым; күнібұрын; күнілгері; асылтұқым; беткешығар; беткеұстар; күніұзаққа.*

Бұл фактілер, жоғарыда айтылғанындай: а) сөз біріктіру тәсілінің бірте-бірте жүзеге асатын процесс екендігін көрсетеді, яғни сөз тіркесі бірте-бірте дефис арқылы таңбалана бастайды, одан әрі біріккен сөз қалыптаса түседі; ә) форма мен мазмұнның бірлігіне қазақ тілінің табиғи заңдылықтарының бірі – ритмикалық екпін, ритмикалық ұласым әсер етеді; б) сонымен қатар ғалым А. Ысқақовтың қорытуына қарағанда, «біріккен сөздердің де, кіріккен сөздердің де жасалуына тілдің практикалық дағдысынан туып қалыптасқан семантикалық заң таяныш болады. біріккен сөздің әрқайсысы кәдімгі жай синтаксистік тіркестің белгілі бір үлгісіне қаншалықты жақын болса да, ол, сайып келгенде, грамматикалық абстракцияның жемісінен гөрі семантикалық дамудың жемісіне әлдеқайда жақын болады» [14, 111 б.] (*тұжырымдағы жазу практикасы дегенге баса назар аудартамыз*).

Міне, осылайша, біріккен сөздің қалыптасуына бірнеше факторлар себепкер бола тұрса да, қазақ коммуникативтік кеңістігінде орфографиялық варианттар бар. Олардың көрініс беруіне, шамасы, *синтаксистік тіркестің санада қалыптасқан түптөркіндік мазмұны және үлгісі мен тіркестің бір ырғақпен айтылуы арасындағы, бұрын тіркес түрінде тілге енгендер мен жазу практикасының ықшамдылыққа ұмтылуы арасындағы қарама-қарсылықтар*, сондай-ақ семантикалық дамудың нәтижесінен пайда болған жаңа семантиканы бір сөз ретінде танып, біріктіре таңбалау әсер етеді деп ойлаймыз.

Сондықтан қазіргі жазба нұсқаларда *аста-төк // астатөк; кез-келген // кезкелген; бет әлпет // бет-әлпет; алдын ала // алдын-ала; бірде-бір; кемде-кем; аты шулы // атышулы; аяқ асты // аяқ асты // аяқастынан; жатжұрттық // жат-жұрттық* типтес әртүрлі орфограммалар бар.

Бірнеше мысал келтірелік (Орфографиялық сөздікте нормасы көрсетілген сөздердің варианттары).

Бет әлпет науқастармен тығыз байланыста болмау керек. *Бет-әлпетті* қолмен ұстамаған абзал (Қазақ әдебиеті, 13 наурыз 2020 ж.). Мектептегі *аты шулы* балаға айналған ол төбелесін... қатар алып жүрді. (Қазақ әдебиеті, 13 наурыз 2020 ж.). «*Аста-төк* дүние» деген мәндегі мақтау айтылды... (Қазақ әдебиеті, 13 наурыз, 2020 ж.). *Астатөк* заманда соншама тарылғаны түсініксіз (Қазақ әдебиеті, 17 қараша, 2017 ж.). ... *аяқасты* бойжеткен қызы жайсыз хабар айтты (Қазақ әдебиеті, 13 наурыз, 2020 ж.). Момын жігіттің *аяқ астынан* байып кетуінің ұзын-ырғасы, міне, осындай боп шықты (Қазақ әдебиеті, 21 ақпан, 2020 ж.). Керуен одан өтіп, *алдын-ала* түзелген жолмен Китінге құлдағанда екі қаңтарылды (Қазақ әдебиеті, 21 ақпан, 2020 ж.). Орбұлақ сол Жоңғар тауының *беломыртқасы* сияқты (Қазақ әдебиеті, 21 ақпан, 2020 ж.). *Кезкелген* адамға айтыла бермейтін әңгіме ғой (Қазақ әдебиеті, 17 қараша, 2017 ж.). Көшеге жақындағанда, *кез-келген адамнан* сұрасаңыз болады (Жұлдыз, 6, 2018 ж.). *Елді-мекеннің* арасы екі жүз шақырымдай (Қазақ әдебиеті, 21 ақпан, 2020 ж.). *Елдімекендерді* ауызсумен қамтамасыз ету жұмысы баяу жүргізілуде (Қазақ әдебиеті, 17 қараша, 2017 ж.). Табиғатынан дарын берген ақынның бұл сақилығы *жеке дара* бір жағдай емес, ірі турайтын мырзалығы талай мәрте кезіккен деседі (Жұлдыз, 6, 2018 ж.). *Шаласауатты*, ештеңенің байыбына бара бермейтін *қарадүрсіннің* басына қона ма? (Қазақ әдебиеті, 28 ақпан, 2020 ж.). ...қыз бала *жат-жұрттық* екенін білесіз ғой (Қазақ әдебиеті, 17 қараша, 2017 ж.). Онда да *көзі қарақтылар* жетіп артылады (Қазақ әдебиеті, 13 наурыз, 2020 ж.). ...бар қазақтың *көзқуанышына* айналған «Дос-Мұқасан» ансамблінің ұйымдастырушысы және ең алғашқы көркемдік жетекшісі болған... (Қазақ әдебиеті, 28 ақпан, 2020 ж.).

Қосымшалар қатарындағы орфографиялық варианттар

Қазақ тілінің даму тарихында түбірге қосылып, оған қосымша мағына үстейтін қосымша морфемалар тұлға-тұрпаты, табиғаты жағынан да, нормалық тұрғыдан қарағанда да, барынша тұрақты. Ғалым А.Ысқақовтың көрсетуінше, түбір морфема мен қосымша морфеманың арасындағы қатынас белгілі бір заңдылықтарға сүйенеді, олар өзара бір-бірімен талғап тіркеседі [9, 27 б.]. Дей тұрсақ та тұрақтылық, белгілі бір заңдылық, талғап тіркесу барынша заңды сипат болғанымен, қазіргі коммуникативтік кеңістікте қосымшалар қатарында да орфографиялық варианттар кездеседі.

Алдымен мысалдар келтіреміз. Бір машина шақыртты. *Өзінікі* емес, бөтен *кісінікі*. *Оныкі* де осындай «мәшине»... (Қазақ әдебиеті, 21 ақпан, 2020). *Баланыкіндей* кішкене аузын қаумалай жапқан сирек мұртын көтере жымиды... (Қазақ әдебиеті, 21 ақпан, 2020). Шыңғысхан туралы жазған Тілеуберді *Әденайұлыныкі* өте дұрыс» дейді. Түркі *заманынікі* де немесе моңғолдан кейінгі *замандыкі* де болуы мүмкін (Қазақ әдебиеті, 21 ақпан, 2020).

Қазақ тілінде меншіктік мағынаны білдіретін *-нікі, -дікі, -мікі* қосымшаларының жуан варианты жоқ. Алайда жазу практикасында жоғарыда келтірілгендер тәрізді тілдік фактілердің көрінісі бар. Бұлайша болуының бір себебі, сірә, осы қосымшалар жалғанатын түбір морфеманың соңғы буынындағы дауысты дыбыстың ерекшелігінде болса керек. Мәселен, *менікі, біздікі, өзінікі, кісінікі* тәрізді лексемаларда орфографиялық ауытқулар кездеспейді, өйткені жіңішке дауыстысы бар түбірге қосымша үндестік заңына сәйкес кедергісіз жалғанады; керісінше *ол, заман, бала, ұлы* сөздерінің соңғы буынындағы жуан дауысты рөл атқарады. Бұл арада жоғарыда айтылғанындай, акустикалық сигналдың оптикалық сигналға ауысу заңдылығы байқалады.

Қосымшалар қатарындағы орфографиялық варианттардың бір үлгілері кісі тегіне жалғанатын қосымшалардан байқалады.

Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың «Орбұлақ шайқасы тарихта болған емес» деген мақаласы жарық көріп еді (Қазақ әдебиеті, №8, 21 ақпан, 2020).

Бекітілген емле ережелерінде кісі тегіне қосымшалар соңғы өзгетілдік *-ов / -ев* қосымшаларына қатыссыз, түбірдің соңғы буынындағы дауыстының әуезімен жалғанатындығы нақты көрсетілген; *Әділбаев-қа (соңғы буын бай – жуан); Әділбеков-ке (соңғы буын бек - жіңішке)* [4, 13 б.]. Жалпы алғанда, осындай нақты нормалық қағида болғанымен, кісі тегінің таңбалануында екі түрлі жайт байқалады. Біріншіден, әсіресе соңғы *-ов* қосымшасының құрамындағы *<о>* дауыстысы басымдық танытады; екіншіден, қазақ тілінің қосымшасының бастапқы дауыссызы да *-ов / -ев* құрамындағы *<в>* дыбысының орфоэпиялық өзгерісіне бағынып (*<в>* дыбысы айтылуда *<п>* түрінде естіледі), қосымша қатаң дауыссыздан басталады: *Әділбеков-тің; Әділбаев-қа*. Қосымша ақпарат ретінде атап өтетін жайт – латын графикалы әліпбиге ауысу барысындағы іс-шаралар қатарында ұлттық тек атауларын қалыптастыруға қатысты ғылыми-практикалық тұжырымдар қорытылуда, демек, *-ов / -ев* қосымшалары бар тек атауларының нормаларының актуалды болуы бәсеңдей түспек. Солай бола тұрса да латын графикалы әліпбиге негізделген ортологиялық құралдарда қазіргі әліпби алмасатын өтпелі кезеңнің өзіне қажетті деп санап, соңғы буынындағы дауыстының жуан-жіңішкелігімен (*-бай; -бек*) қатар *<в>* дыбысының айтылуда *<п>* дыбысына фонемалық өзгерісін қағида түрінде нақты көрсету маңызды.

Өзге тілден енген сөздердің (терминдердің) қазақ тілі қосымшаларымен түрленуінде де орфографиялық ауытқулар – варианттар бар. Мәселен, *-ог* буынды өзге тілдік сөздерге қосымшалардың жалғануы соңында *<г>* дауыссызының ерекшелігіне қарай жалғанатындығы ереже түрінде бекітілген болатын: *биолог-ке, биолог-тер*. Алайда жазу практикасында *биолог-қа, биолог-тар* варианты басымдық танытуда; бұл соңғы буындағы *<о>* дыбысының ерекшелігіне, *<о>* дыбысының позициялық күштілігіне байланысты.

Өзара әдеби сын-диалогтарын еріксіз еске алады екенсің (Қазақ әдебиеті, 21 ақпан, 2020).

Дауысты және дауыссыз дыбыстардың орфографиялық варианттары

Қазақ тілінің төл дыбыстық құрамы мен жүйесі жасалым, айтылым, естілім тұрғысынан талданған. Соңғы зерттеулерде дыбыстың айтылымы (акустикасы) мен естіліміне (перцепциясы) қатысты тың пікірлер қалыптаса бастады. Мәселеге бұлайша келу латын графикалы әліпбиге көшу арқылы қазақ тілінің төл заңдылықтарын мейлінше қалпына келтіруге бағытталған кезде аса маңызды. Өйткені жазу факторының тілдік қатынастағы басымдығы, өзге тілдердің коммуникативтік қарым-қатынасқа еркін араласуы, қазіргі қолданыстағы кирилше әліпбидің құрамында кірме дыбыстардың болуы тәрізді факторлар қазақ сөзінің табиғи айтылымына біршама әсер етті. Осы себепті қазақ тілінің дыбыстық жүйесі жаңа тұрғыдан, ғалым Ә. Жүнісбектің пікірінше, сингармология саласы тұрғысынан жаңаша талдануы қажет [21, 17 б.].

Қазақ тілінің қазіргі қолданыстағы әліпбиінде <х> графемасы бар. Осы таңба латын графикалы әліпбидің құрамында да бар: онда <Hh> графемасының айтылымы <х> және <h> таңбаларына сәйкес келетіндігі көрсетілген. Алайда профессор Ә.Жүнісбек соңғы еңбегінде <х> дыбысын қазақ тілінің төл дауыссыздарының қатарына қоспаған [21, 83 б.].

1925 жылы Қ. Кемеңгерұлының жетекшілігімен шыққан «Қазақша-орысша тілмаш» сөздігінде де <х> графемасы жоқ, барлық кірме сөздер <қ> әрпі бойынша түзілген [22].

Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамында <х> графемасы жазуда берілетін және айтылуда сақталатын сөздер бар. Олар, әрине, негізінен араб және парсы тілдерінен (орыс тілінен енген терминдерді қоспағанда) енген сөздер.

Араб тілінде акустикасы мен просодикасы өзара жақын түсетін төрт түрлі әріп бар. Олардың фонологиялық табиғаты әртүрлі: мысалы, **ق** графемасы қазақ тіліндегі <қ> дыбысының ерекшеліктерімен бірдей; **ح** әрпінің дыбысталымы орыс тіліндегі <х> дыбысына жақын; айрықша қатаң; **خ** әрпі <х> дыбысының көмейден шығатын жұмсақ варианты; ал **ح** әрпі қазақ тіліндегі кірме сөздерде <h> арқылы таңбаланып, айтылымы түпнұсқа тілдегі акустикаға тым жақын келеді.

Осының нәтижесінде Хасан / Хасен / Қасен,; Мұқтар / Мұхтар; Хадиша / Қадиша сияқты кісі есімдерін қоспағанда (академик Р. Сыздық «бұл жарыспалы қатарлардың тек біреуінің қолданысын – жазылуын талап ету мүмкін емес» деп көрсеткен болатын [1]), түзетін рақат / рахат; рұхсат / рұқсат; сұхбат / сұқбат; рахмет / рақмет; дастархан / дастарқан; нәпақа / нәпаха сияқты орфографиялық варианттар жиі кездеседі. <х> дыбысына қатысты мынадай жай байқалады: түпнұсқа араб тілінде хакім сөзіндегі <х> дыбысы **ح** әрпі <х> дыбысының көмейден шығатын жұмсақ варианты болғандықтан, хакім Абай / хәкім Абай варианттары қазіргі баспасөз қолданысында бар. Жұмсақ айтылатын <х> дыбысы (арабша - **ح**) қазақ тілінің айтылымына қарай бәсең естіліп, түсіріледі, соның нәтижесінде *үкімет* (*түбірі – хукмәт*); *хакім – әкім*; *қазір – әзір* тәрізді мағына айырмашылықтары бар сөздер орныққан. Сондай-ақ <h> әрпі арқылы да мағыналық сараланулар көрініс береді: *шаһар – шақар* (*мінез*).

Дыбысталымы орыс тіліндегі <х> дыбысына жақын; айрықша қатаң **ح** әрпі арқылы енген сөздер де мағыналық саралануларға қатысады: *хат – қат*. **Х** дыбысы сөз басында айқын естіледі, бірақ бұл норма емес деген пікір бар. Мәселен, профессор Ә. Жүнісбек былай де көрсетеді: «теле- және радиодикторлар күнбе-күн сөздерін «хат, соңғы хабар» деп бастағанымен, әрі қарай «еңбекшілер қаты, қабар келді» деп төл сөйлеу жүйесіне түсіп кетеді» [21, 88 б.].

Араб-парсы тілінен сөздің қабылдануы, қазақ тіліне енуінің бастапқы дереккөздері діни ағымның және діни әдебиеттің қазақ даласына таралуына байланысты екендігі белгілі. Алғашында олардың түпнұсқа тілдегі айтылымы сақталған [23, 223 б.]. Тіл қолданысы бірте-бірте араб-парсы тілінен енген сөздердің орфографиялық варианттарын қалыптастыра бастады: бұл арада қазақ тіліне тән <қ> дыбысының табиғилық басым әсері, сондай-ақ <х> графемасы арқылы мағына ажырату қажеттілігі байқалды. Көптомдық түсіндірме

сөздіктің материалдары бойынша Дулат, Абай, Әубәкір Кердері, А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов шығармаларында *ахирет* нұсқасы қолданылған, кейінгі кезеңдерде ақырет / ақырет варианттары кездеседі. Бұл арада бірнеше жайт байқалады: біріншіден, алдыңғы замандардағы қолданысында түпнұсқа тілдегі дыбыстың айтылымы сақталғанын көруге болады, екіншіден, кейінгі қолданыстарда <х> және <қ> дыбыстарынан фонетикалық варианттар жасалған және, үшіншіден, бірте-бірте *ахирет және ақырет* сөздерінің арасында семантикалық саралану нақтылана түскен.

Талданып отырған дыбыстардың айтылымға қатысты дамуына бірнеше фактілер көрсетсек те жеткілікті.

Ахиретте сауап жоқ, Бай кісіні қадірлеп, Жарлыны кем көрген соң (Дулат Бабатайұлы). ...уағда қылып *а х и р е т т і к* дос болған еді (Ә.Бөкейханов). Дүниеге дос, ахиретке бірдей болмас (Абай).

Қазіргі жазба нұсқаларда *а – ә; п – ф* дыбыстарына да қатысты орфографиялық варианттар бар: *анпақ / әппақ; ділмар / ділмар; тәржіма / тәржіма / тәржіме; пәни / фәни*. Жоғарыда өзара параллель *қ және х* дыбыстарына қатысты талдаумен шектеліп және осы арқылы орфографиялық варианттардың болу себептерінің бірқатарын ғана ұсына отырып, әсіресе дыбыстарға қатысты орфографиялық варианттарды фонологиялық зерттеулер арқылы тереңдете түсудің маңызы бар екендігін айтпақпыз. Өйткені қазіргі коммуникация тілі бір жағынан, шартты, әрі өзгермелі тілге айналып барады, ең бастысы – ауызша сөйлеудің жазуға түсу еркіндігі байқалады.

Қорытынды

Жазудағы варианттылық нормативті сөздіктерді түзуде ғылыми тұрғыдан қарауды қажет етеді, сондықтан жазудағы варианттылықтың пайда болуы мен таралу себептерін, қолданылу өрісін, нормаға ықпалын талдау, әсіресе қазіргі латын графикалы әліпби негізінде емле қағидалары мен басқа да жаңартылған ортологиялық құралдар түзу жұмыстарында маңызды. Емле ережелері де, ортологиялық құралдарда тілдің тұрақты табиғи заңдылықтарымен қатар сол табиғи заңдылықтардың дәл бір кезеңдегі өзгерістерін бағалануы, ғылыми-практикалық тұрғыдан талдануы қажет. Шетел ғалымы Ю.Н. Караулов лексикографияның өзекті тұстарын анықтай келе, «адам және сөздік; жеке адам сөздіктің ішінде болу керек» деген идеяны ұсынған болатын [24, 26-27 б.].

Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілінің емле ережелерін түзу барысында сыртқы тілдік және ішкі тілдік факторларды ескере отырып, қазіргі коммуникативтік кеңістіктегі орфографиялық варианттарды интерпретация, нақтылау және бірізділендіру жайын түсіндірудің қажеттілігі анықталды. Мәселен, қазақ әдеби тілінің қазіргі даму кезеңінде ресми-іскери мәтіндерде, оқу-ағарту және ғылыми әдебиетте, сондай-ақ баспасөз тілінде анықтауыштық-анықталушы тұрғыдан синтаксистік байланысқан және денотаттық-коннотаттық қарым-қатынастағы күрделі тіркестерді біріктіріп таңбалау үрдісі басым. Жазба коммуникацияда, тілдік фактілер көрсететіндей, ғылыми-техникалық, оқу-ағарту терминдерін сөзбе-сөз аударма арқылы біріктіріп жазу да ұлғайып келеді. Күрделі тіркестердің біріктірілуінің тіл заңдылықтарына қайшы келетін тұстары да кездеседі. Осындай проблемалардың белгілерін сипаттау және олардың қалыптасуына, бірізділенуіне қатысты ұсыныстар беру қазақ тілінің қазіргі тағдырлы кезеңінде – латыннегізді әліпбиге көшу жағдайында өзекті болып табылады.

Әдебиет

1. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
2. Степанов Ю.С. В трехмерном пространстве языка: семиотические проблемы лингвистики, философии, искусства. – Москва: Наука, 1985. – 335 с.

3. Уикипедия — ашық энциклопедиясы // <https://kk.wikipedia.org/wiki/> [Пайдаланылған уақыты: 5.04.2020]
4. Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері // Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Қазақ ССР Ғылым акад. Тіл білімі институты. – Өнд., толықт., 3-бас.- Алматы: Қазақстан, 1988. – 400 б.
5. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі / Құраст.: Н.Уәлиұлы, Қ.Күдерінова, Ғ.Әнес. – Алматы, 2007. – 616 б.
6. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы // <http://adilet.zan.kz/> [Пайдаланылған уақыты: 5.04.2020]
7. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы, 1992. – 448 б.
8. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өнд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 бет.
9. Балақаев М. Біріккен сөздердің орфографиясы // Казахский литературный язык. – Алматы, 1987. – Б. 217-228.
10. Маманов И. Орфографиялық сөздіктегі олқылықтар // Қазақ әдебиеті. – 1983. – 4 ақпан. – Б. 3.
11. Аханов К. Емледе ғылыми принципті ұстанайық // Социалистік Қазақстан. – 1977. – 4 март. – Б. 2-3.
12. Есенов Қ. Біріккен сөздер // Қазақ әдебиеті. – 1977. – 11 наурыз. – Б. 4-5.
13. Қалиев Ғ. Біріккен сөздердің жазылуы жайында // Жинақ «Сөз өнері». – Алматы, 1978. –
14. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі // Жоғарғы оқу орындарының филология факультеттеріне арналған оқулық. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1974. – 407 б.
15. Зиндер Л.Р. Очерк общей теории письма. Л.: Наука, 1986. – с. 42-43.
16. Жунисбек А. Проблемы сингармонической фонологии и фонетики // Тілдік жүйе және құрылым: Ғыл. мақалалар жин. – Алматы: Ғылым, 1997. – С. 12–16.
17. Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1996. – 225 б.
18. Райзберг Б.А. Современный социоэкономический словарь. – М., 2012. – 438 с.
19. Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия: монография. – Алматы, 2018. – 235 б.
20. Күдерінова Қ. Құрама сөздер және олардың емлесі // Кітапта: Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – Б. 200-228.
21. Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018. – 368 б.
22. Қазақша орысша тілмаш (1925). Басқарушы Қ.Кемеңгерұлы. – Астана: «Көкжиек пресс», 2005. – 288 б.
23. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 288 б.
24. Karaulov Iu.N. Russkii iazyk i iazykovaia lichnost'. – Moscow, 1987. – С. 351-360.

Reference

1. Syzdyq R. (2000) Qazaq tilining anyqtagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy) [Determinants of the Kazakh language (spelling, punctuation, vocabulary)]. Astana, Elorda. 532 p. [in Kazakh].
2. Stepanov Yu.S. (1985) V trekhmernom prostranstve yazyka: semioticheskie problemy lingvistiki, filosofii, iskusstva [In the three-dimensional space of language: semiotic problems of linguistics, philosophy, art]. Moskva, Nauka [Science]. 335 p. [in Russian].
3. Uikipediya — ashyq enciklopediyasy // <https://kk.wikipedia.org/wiki/> [Pajdalanylğan uaqyty: 5.04.2020] [Wikipedia is an open encyclopedia // <https://en.wikipedia.org/wiki/> [Accessed: 5.04.2020]]. [in Russian].
4. (1988) Qazaq tili orfografiyasynyng negizgi erezheleri // Qazaq tilining orfografiyalıq sozdigi [Basic rules of spelling of the Kazakh language // Spelling dictionary of the Kazakh language]. Qazaq SSR Gylym akad. Til bilimi instituty [Academician of Science of the Kazakh SSR. Institute of Linguistics]. Ongd.,

- tolyqt., 3-bas [Edited, supplemented, 3rd ed]. Almaty, Qazaqstan. 400 p. [in Kazakh].
5. (2007) Qazaq tilining orfografiyalıq sozdigi / Qurast.: N.Ualiuly, Q.Kuderinova, G.Anes [Spelling dictionary of the Kazakh language / Compiled by: N. Ualievich, K. Kuderinova, G. Anes]. Almaty. 616 p. [in Kazakh].
 6. Qazaqstan Respublikasyndagy til sayasatyn iske asyruyng 2020 - 2025 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы // QR Ukimetining 2019 zhylygy 31 zheltoqsandagy № 1045 qaulysy // <http://adilet.zan.kz/> [Pajdalanylğan uaqyty: 5.04.2020] [State program for the implementation of language policy in the Republic of Kazakhstan for 2020 - 2025 // Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 31, 2019 № 1045 // <http://adilet.zan.kz/> [Date of use: 5.04.2020]]. [in Kazakh].
 7. Baitursynuly A. (1992) Til tagylymy (qazaq tili men oqu-agartuga qatysty engbekteri) [Linguistics (works on the Kazakh language and education)]. Almaty. 448 p. [in Kazakh].
 8. ZHubanov Q. (2010) Qazaq tili zhonindegі zertteuler [Research on the Kazakh language]. ongd., 3-bas [ed., 3rd ed.]. Almaty, Memlekettik tildi damytu instituty [Institute for the Development of the State Language]. 608 p. [in Kazakh].
 9. Balaqaeв M. (1987) Birikken sozderding orfografiyası // Kazahskii literaturnyi yazyk [Spelling of compound words // Kazakh literary language]. Almaty. P. 217-228. [in Kazakh].
 10. Mamanov I. (1983) Orfografiyalıq sozdiктегі olqylyqtar // Qazaq adebieti [Gaps in the spelling dictionary // Kazakh literature]. 4 aqpan [February 4]. P. 3. [in Kazakh].
 11. Ahanov K. (1977) Emlede gylmi principiti ustanaıyq // Socialistik Qazaqstan [Let's follow the scientific principle in spelling // Socialist Kazakhstan]. 4 mart [March 4]. P. 2-3. [in Kazakh].
 12. Esenov Q. (1977) Birikkensozder//Qazaq adebieti [Conversations // Kazakh literature]. 11 nauryz [11 March]. P. 4-5. [in Kazakh].
 13. Qaliev G. (1978) Birikken sozderding zhazyluy zhaiında // Zhinaq «Soz oneri» [On the spelling of compound words // Collection "Word art"]. Almaty. [in Kazakh].
 14. Ysqaqov A. (1974) Qazirgi qazaq tili // ZHogargy oqu oryndarynyng filologiya fakul'tetterine arналған oqulyq [Modern Kazakh language // Textbook for philological faculties of higher educational institutions]. Almaty, Mektep baspasy [School press]. 407 p. [in Kazakh].
 15. Zinder L.R. (1986) Ocherk obshchej teorii pis'ma [An Essay on the General Theory of Letters]. L., Nauka [Science]. P. 42-43. [in Russian].
 16. Zhunisbek A. (1997) Problemy singlarmonicheskoy fonologii i fonetiki // Tildik zhuje zhane qurylym: Gyl. maqalalar zhin [Problems of synharmonic phonology and phonetics // Language system and structure: Science. collection of articles.]. Almaty, Gylym [Science]. P. 12–16. [in Russian].
 17. Bazarbaeva Z.M. (1996) Qazaq tilining intonaciyalıq zhujesi [Intonation system of the Kazakh language]. Almaty, Gylym [Science]. 225 p. [in Kazakh].
 18. Rajzberg B.A. (2012) Sovremennyj socioekonomicheskij slovar' [Modern socioeconomic dictionary]. Moskva [Moscow]. 438 p. [in Russian].
 19. Uali N. (2018) Grafika. Orfografiya. Orfoepiya: monografiya [Graphics. Spelling. Orthoepy: monograph]. Almaty. 235 p. [in Kazakh].
 20. Kuderinova Q. (2001) Qurama sozder zhane olardyng emlesi // Kitapta: Syzdyq R. Tildik norma zhane onyng qalyptanuy (kodifikaciya) [Compound words and their spelling // In the book: Syzdyk R. Language norm and its formation (codification)]. Astana, Elorda. P. 200-228. [in Kazakh].
 21. Zhunisbek A. (2018) Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty, Abzal-Aj baspasy [Abzal-Ai Publishing House]. 368 p. [in Kazakh].
 22. (2005) Qazaqsha orysshа tilmash (1925). Basqarushy Q.Kemenggeruly [Kazakh-Russian translator (1925). Manager K. Kemengerovich]. Astana, Kokzhiiek press. 288 p. [in Kazakh].
 23. Syzdyq R. (2004) Qazaq adebi tilining tarihy (XY-XIX gasyrlar) [History of the Kazakh literary language (XIX-XIX centuries)]. Almaty, Arys baspasy [Arys Publishing House]. 288 p. [in Kazakh].
 24. Karaulov Iu.N. (1987) Russkii iazyk i iazykovaia lichnost' [Russian language and language personality]. Moskva [Moscow]. P. 351-360. [in Russian].